

Әдебиеттi - ардың ісi

# Уш қонақ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады [www.ush-konyr.kz](http://www.ush-konyr.kz) №20 (539) 21 мамыр 2021 жыл

АҚЫНДЫҚ АДЕМ



# ✓ «МУЗЕЙ ТҮНІ»



**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі 2021 жылдың 18 мамырында «Халықаралық музейлер күні» кәсіби мерекесіне орай «Музейлердің болашағы: қалпына келтіру және жаңғырту» ұранымен «Музей түні 2021» онлайн-жобасын өткізді.**

Аталған жоба музейдің қалпына келтіру ісі мен музейлік экспонаттарды көрсетуді, түнгі экскурсиялар мен дәрістерді өткізуді қамтыды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша бұл күні Орталық музей сағат 10.00-ден бастап 17.00-ге дейін Ашық есік күнін өткізді.

Орталық музей Алматы қаласындағы ЮНЕСКО Кластерлік бюросымен біріге отырып халықаралық аудиторияны қамтитын «Орталық Азия мен Азейрбайжанның музейлері» атты халықаралық жобасын өткізді. Оның ая-

сында Орталық Азия музейлері мен Мемлекеттік орталық музейінің экспозициялық залдары мен бірегей коллекциялары көрсетілді.

Биыл алғаш рет Орталық музейдің бастамасымен «Музей түні 2021» онлайн-жобасының аясында отандық музейлермен бірлескен музейлік эстафета өтті.

Музей түнінде музейдің қалпына келтіруші мамандары «Қалпына келтірудің құпиялары» атты тренинг аясында көрермендерді қалпына келтірудің құпияларымен таныстырды. Оның барысында музейдің қалпына келтіруші мамандары өз кәсіби шеберліктерінің сырын ашып, кілем-киіз, зергерлік бұйымдар, қыш бұйымдары, мата мен кесіндеме сынды түрлі сипаттағы артефактілерді қалпына келтірудің қыр-сырымен бөлісті.

Одан өзге, «Музей түні 2021» онлайн-жобасы барысында музей қызметкерлері «Ғылым ордасындағы» Табиғат музейімен бірігіп «Палеонтологиялық экспо-





